



**№2 (43)  
2016**

**Меншік иесі және баспагер:**

«Қазақстан Республикасының  
Заңнама институты» ММ

**2006 жылдан бастап шығады**

Журналдың материалдары  
www.iz.adilet.gov.kz сайтында  
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша  
диссертациялардың негізгі ғылыми  
нәтижелерін жариялауға арналған  
басылымдар тізіліміне енгізілген  
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.  
№894 бұйрығы)

**Редакциялық кеңес:**

Б.М. Имашев (Төраға)  
З.Х. Баймолдина  
А.С. Тукиев  
И.Ш. Борчашвили

**Редакциялық алқа:**

З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)  
С.Ф. Бычкова  
Д. Досмырза  
Е.А. Дүйсенов  
Д.Ж. Игембаев  
А.Қ. Қанатов  
В.Т. Қоныс  
Ж.О. Құлжабаева  
Ш.Р. Мырзаева  
С.М. Рахметов  
А.Ж. Сағидан  
А.С. Сақтағанов  
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет  
және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің  
БАҚ есепке қою туралы куәлігі  
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

**Мекен-жайы:**

Қазақстан Республикасы,  
010000, Астана қ.,  
Орынбор к., 8 үй  
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43  
E-mail: instzak-kz@mail.ru  
www.iz.adilet.gov.kz

# Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы

**ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ**

**МАЗМҰНЫ**

Қазақстан Республикасы Әділет министрі Б. Имашевтың Қоғамдық кеңес алдындағы есеп-баяндамасы.....	5
<i>«Қазақстан Республикасының Заңнама институты жаршысының» 10 жылдығына орай .....</i>	13
М.А. СӘРСЕМБАЕВ Заңнама институтының жаршысы журналының Қазақстан құқығының дамуына қосқан үлесі .....	13
<i>Конституциялық және әкімшілік құқық .....</i>	18
С.С. ШЕШЕНБАЕВА, М.А. БАЖБЕНОВА Қоғамдық кеңес мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы нысандарының бірі ретінде .....	18
<i>Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы .....</i>	24
В.Т. ҚОНЫС Жана Азаматтық процесілік кодекстің аясында азаматтық процесітегі прокурордың рөлі және қатысу нысандары И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Қазақстан Республикасы халқын кредиттеудегі кредиттік серіктестіктердің рөлі .....	24 32
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Қолданыстағы заңнама кредит шартының (кредиттік шарттын) кейбір мәселелері туралы .....	38
<i>Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу .....</i>	43
Ш.Ж. КЕНЖЕТАЕВ Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде айғақтарды сақтауға қоюдың ерекшеліктері .....	43
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.Қ. ҚАНАТОВ, А.Ж. АХМЕТОВА Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күресудің кейбір мәселелері .....	47
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Д.С. ҚАЖМҰРАТОВА Қылмыстық процеске қатысушы тұлғалардың құқықтық жағдайы туралы мәселеге .....	55
<i>Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану .....</i>	63
М.А. СӘРСЕМБАЕВ ЕАЭО елдерінде атомдық электр станцияла- рын салу және оны пайдалану кезінде экологияны нормативтік- құқықтық реттеу проблемаларын айқындау мен шешу .....	63
Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ Зияткерлік меншік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес жетілдірудің кейбір мәселелері .....	73

<b>Құқықтық мониторинг</b> .....	79
Т.С. САФАРОВА ҚР құқықтық мониторинг туралы жаңа заңнамасының кейбір аспектілері .....	79
<b>Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы тәжірибесінен</b> .....	83
Б. ШОЛАН, Т.Е. МҰШАНОВ Заң терминдері мен тұрақты тіркестерінің теңтүпнұсқалығын қалыптастырудың кейбір мәселелері .....	83
Г.К. АҚЫЛБЕКОВА Лингвистикалық сараптама: қолданыстағы заңнама терминологиясы материалында .....	89
<b>Шетелдік тәжірибе</b> .....	93
В.Ф. ПОПОНДОПУЛО (Санкт-Петербург) Ресейдің корпоративтік құқығы: жалпы сипаттама .....	93
Э.Л. СИДОРЕНКО (Мәскеу) Ресейдегі халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды іске асыру аясындағы ұлтаралық параға сатып алу үшін қылмыстық жауаптылық .....	101
О.И. СЕМЬКИНА (г. Москва) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық шаралары: ЕАЭО елдерінің заңнамасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар .....	107
<b>Жас ғалым мінбері</b> .....	115
А.А. ЖАБАЕВА Қазақстан Республикасында халықаралық төреліктің қалыптасуы және дамуы ....	115
Е.О. МҰХАМЕДЖАНОВ Алдын ала тергеу мерзімінің үзілу кезеңіндегі қылмыскерлерді және хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздестірудің құқықтық негіздері .....	119
Ж.Т. ИСКАКОВА Интеграциялық құқықтың мәні мен құқықтық табиғатын анықтаудың теориялық мәселелері .....	123
<b>Ақпараттық хабарламалар</b> .....	130
2016 жылғы 21 сәуірде Астана қ. өткен «Әкімшілік заңнаманы жетілдіру туралы: жаңа Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін қолдану практикасын қорытындылау нәтижелері» тақырыбындағы дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама .....	130
2016 жылғы 12 мамырда Астана қ. өткен Н.А. Шәйкеновті еске алуға арналған «Қазіргі заман жағдайларында жеке адам құқықтарын қамтамасыз ету» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция («Шәйкенов оқулары») туралы ақпараттық хабарлама .....	137
2016 жылғы 26 мамырда Астана қ. өткен Мемлекеттік тілдегі заң жобалары мен халықаралық шарт жобаларының сапасы және ғылыми лингвистикалық сараптама мәселелері бойынша өткен практикалық семинар туралы ақпараттық хабарлама .....	140
Лейпциг қ. (Германия) өткен Әкімшілік құқық және процесс бойынша халықаралық форум туралы ақпараттық хабарлама, 2016 жылғы 20-23 маусым .....	144
<b>Даналық ойлар: Н. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері</b> .....	145



**№2 (43)  
2016**

**Собственник и издатель:**  
ГУ «Институт законодательства  
Республики Казахстан»

**Издается с 2006 года**  
Все материалы журнала  
размещаются на сайте  
[www.iz.adilet.gov.kz](http://www.iz.adilet.gov.kz)

Включен в перечень изданий  
для публикации основных  
научных результатов диссертаций  
по юридическим наукам  
(Приказ ККСОН МОН РК №894  
от 30.05.2013 г.)

**Редакционный совет:**  
Б.М. Имашев (Председатель)  
З.Х. Баймолдина  
А. С. Тукиев  
И.Ш. Борчашвили

**Редакционная коллегия:**  
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)  
С.Ф. Бычкова  
Д. Досмырза  
Е.А. Дюсенов  
Д.Ж. Игембаев  
А.К. Канатов  
В.Т. Конусова  
Ж.О. Кулжабаева  
Ш.Р. Мырзаева  
С.М. Рахметов  
А.Ж. Сагидан  
А.С. Сактаганов  
М.А. Сарсембаев

Свидетельство о постановке  
на учет СМИ № 11219-Ж  
от 15.11.2010 г. Комитета информации  
и архивов Министерства культуры  
и информации Республики Казахстан

**Адрес:**  
Республика Казахстан,  
010000, г. Астана,  
ул. Орынбор, д. 8,  
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43  
E-mail: [instzak-kz@mail.ru](mailto:instzak-kz@mail.ru)  
[www.iz.adilet.gov.kz](http://www.iz.adilet.gov.kz)

# Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

## СОДЕРЖАНИЕ

Доклад-отчет Министра юстиции Республики Казахстан Б. Имашева перед Общественным советом .....	5
<b>К 10-летию «Вестника Института законодательства Республики Казахстан» .....</b>	<b>13</b>
М.А. САРСЕМБАЕВ Вклад Вестника Института законо- дательства в развитие казахстанского права .....	13
<b>Конституционное и административное право .....</b>	<b>18</b>
С.С. ШИШИМБАЕВА, М.А. БАЖБЕНОВА Общественные советы как одна из форм взаимодействия государственных органов и гражданского общества .....	18
<b>Гражданское и гражданско-процессуальное право .....</b>	<b>24</b>
В.Т. КОНУСОВА Роль и формы участия прокурора в гражданском процессе в контексте нового гражданского процессуального кодекса .....	24
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК Роль кредитных товариществ в кредитовании населения Республики Казахстан	32
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Действующее законодательство о некоторых вопросах договора кредита (кредитного договора)	38
<b>Уголовное право и уголовный процесс .....</b>	<b>43</b>
Ч.Д. КЕНЖЕТАЕВ Особенности депонирования показаний в уголовном процессе Республики Казахстан .....	43
М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ, А.Ж. АХМЕТОВА Некоторые проблемы борьбы с уголовными правонаруше- ниями, посягающими на экологическую безопасность .....	47
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Д.С. КАЖМУРАТОВА К вопросу о пра- вовом положении лиц, участвующих в уголовном процессе ..	55
<b>Международное право и сравнительное правоведение .....</b>	<b>63</b>
М.А. САРСЕМБАЕВ Выявление и решение проблем норма- тивно-правового регулирования экологии при строительстве и эксплуатации атомных электростанций в странах ЕАЭС ...	63
Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ Некоторые вопросы совершен- ствования национального законодательства Республики Казахстан в сфере интеллектуальной собственности в соответствии со стандартами ОЭСР .....	73

<b>Правовой мониторинг</b> .....	79
Т.С. САФАРОВА Некоторые аспекты нового законодательства РК о правовом мониторинге .....	79
<b>Из практики законодательства на государственном языке</b> .....	83
Б. ШОЛАН, Т.Е. МУШАНОВ Некоторые вопросы формирования аутентичности юридических терминов и устойчивых словосочетаний .....	83
Г.К. АКЫЛБЕКОВА Лингвистическая экспертиза: на материале терминологии действующего законодательства .....	89
<b>Зарубежный опыт</b> .....	93
В.Ф. ПОПОНДОПУЛО (Санкт-Петербург) Корпоративное право России: общая характеристика .....	93
Э.Л. СИДОРЕНКО (Москва) Уголовная ответственность за транснациональный подкуп в свете реализации Россией международных антикоррупционных стандартов .....	101
О.И. СЕМЫКИНА (Москва) Уголовно-правовые меры противодействия коррупции: сходства и различия в законодательстве стран ЕАЭС .....	107
<b>Трибуна молодого ученого</b> .....	115
А.А. ЖАБАЕВА Формирование и развитие международного арбитража в Республике Казахстан .....	115
Е.О. МУХАМЕДЖАНОВ Правовые основы розыска уголовных преступников и без вести пропавших лиц в период прерывания сроков досудебного расследования .....	119
Ж.Т. ИСКАКОВА Теоретические проблемы определения сущности и правовой природы интеграционного права .....	123
<b>Информационные сообщения</b> .....	130
Информационное сообщение о круглом столе на тему «О совершенствовании административного законодательства: по итогам обобщения практики применения нового Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях», г. Астана, 21 апреля 2016 года .....	130
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции, посвященной памяти Н.А. Шайкенова, на тему: «Обеспечение прав личности в современных условиях» («Шайкеновские чтения»), г. Астана, 12 мая 2016 г. ....	137
Информационное сообщение о практическом семинаре по вопросам качества проектов законов и международных договоров на государственном языке и научной лингвистической экспертизы, г. Астана, 26 мая 2016 г. ....	140
Информационное сообщение о Международном Форуме по административному праву и процессу в г. Лейпциге (Германия), 20-23 июня 2016 г. ....	144
<b>Мудрые мысли: максимы и афоризмы Н. Шайкенова</b> .....	145



*Ақылбекова Гүлжан Кәрімқызы,*  
ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының  
НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми  
лингвистикалық сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының кандидаты

## ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА: ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМА ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ МАТЕРИАЛЫНДА

Ел Президенті Н. Ә. Назарбаев 2015 жылы халыққа бес институционалдық реформаны іске асырудың 100 қадамын ұсынды, ондағы негізгі қадамдардың бірі – заң үстемдігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында ұлттық заңнаманы және норма шығармашылықты, ұлттық заңнама сапасын жетілдіру міндеті қойылған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары әзірлеген және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілуге тиіс заң жобаларына түрлі аспектіде сараптама жүргізу заң шығармашылық процестің міндетті әрі айқындаушы сатысы болып табылады.

Заңнамалық акт жобалары Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізіліп, Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық акт жобалары бойынша олар реттейтін құқықтық қатынастарға қарай ғылыми сараптама, сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізілуі міндетті.

Заңнамалық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізудің негізгі міндеті қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сәйкестігін анықтау болып табылады.

Заңнамалық актілердің терминологиялық аппаратымен жұмыс істеу – шығармашылық

процестегі сарапшылық қызметтің негізгі бағыттарының бірі.

Заңнама мәтінінде кездесетін терминологиялық проблемаларды жоюға бағытталған нақты шешімдерді тұжырымдау заң жобасының терминологиялық аппаратына сараптама жүргізудің басты мақсаты болуға тиіс.

Заң саласындағы терминдердің бірізді қолданылуы бүгінгі таңдағы ең бір көкейкесті проблемалардың бірі болып отыр. Бүгінгі таңда заңнамалық актілерді аударуда бірізділік қағидасының сақталмауы нақты терминдерге қатысты бірқатар даулы сұрақтар туындатып отыр.

Заңнама терминологиясы мәселелерін шешу термин құрылымы мен құрамы, заңнама терминологиясын қалыптастыру көздері, семантикалық баламалылық, жүйелілік, тілдік жағынан дұрыстығы тәрізді мәселелерді кешенді зерттеуді талап етеді. Ал қазіргі тәжірибеде құқық салаларының ұғымдық аппаратының тұтас құрылымын құрудың орнына қандай да бір нормативтік актіде тіркелетін жекелеген элементтерін қарастырудан әрі шыға алмай отыр. Сонымен қатар заң жобаларын әзірлеуге түрлі ведомстволардың қатысуы салалық және салаларалық нормативтік актілердегі терминологиялық лексиканың бірізділігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мәселесін қиындата түседі.

Заңнамалық акт жобаларының қазақ тіліндегі мәтінінің жете пысықталмауы, оған қатысты жұмыстардың тиісінше жүргізілмеуі, қазақ тіліндегі мәтіннің назардан тыс қалып, ұлттық заңнама терминдеріндегі бірізділіктің сақталмауына себеп болып отыр.

Қолданысқа енгізілген заң мәтіндерінде

пайдаланылып жүрген терминдер мен терминдік тіркестерді жүйелеу ісі ықтиятты зерттеу мен табанды жұмысты қажет етеді. Осы ыңғайда қолданыстағы заңнамада әлі де болса қатар қолданылып жүрген бірқатар терминдер мен терминдік тіркестер жүйелеп, бірізділікке түсіруді қажет етеді.

Қолданыстағы заңнамада бір ғана ұғымды белгілеу үшін түрлі терминдер немесе сөз тіркестерін негізсіз пайдалану немесе әртүрлі ұғымдарды белгілеу үшін бір термин немесе сөз тіркесін ғана пайдалану жағдайлары да орын алған тұстары да аз емес. Осы тұрғыдан қолданыстағы заңнамада бір ғана ұғымды белгілеу үшін түрлі терминдер немесе сөз тіркестерін негізсіз пайдаланушылық мысалдары көптеп кездеседі.

Қолданыстағы заңнама мәтіндерінде терминдердің қолданылуында екіұдайылық, бірізділіктің болмауы сияқты тәжірибе орын алғандығын төмендегі мысалдардан-ақ байқауға болады.

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің қолданыстағы редакциясын зерделей отырып, 1-баптағы пайдаланылатын негізгі ұғымдарда «ластауыш» терминімен берілгеніне қарамастан, Кодекстің өн бойында ластауыш – ластаушы – ластағыш терминдері алма-кезек қолданылғанына көз жеткізуге болады. Кодекс мәтіні терминологиялық тұрғыдан мұқият пысықталмағандықтан, біртұтас терминологиялық жүйенің сақталмауы тиянақсыздық туғызатындығын көруге болады.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 161-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында «ластаушылардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімі» тіркесін орыс тіліндегі баламасын оқып барып, түсінгендей боласың (регистр выбросов и переноса загрязнителей).

Ал 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілу барысында «ластауыш» термині қолданылады. Мысалы: «293-1 бапта: Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды сақтау кезіндегі экологиялық талаптар».

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Заңында және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны

қорғау министрінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 40-ө бұйрығымен бекітілген Жойылуы қиын органикалық ластауыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу қағидаларында «ластауыш» термині арқылы ресімделеді.

Биотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабында ластағыш терминімен берілген тұсы бар.

Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 7 маусымдағы Заңында және Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы «Орнықты органикалық ластағыштардың қалдықтарын жою» жобасын дайындауға арналған грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 399 Жарлығында «ластағыш» терминімен беріледі.

Қазіргі таңда қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар санының артуы салдарынан, заң мәтіндерінде терминология бірізділігін сақтау мәселесі ерекше назар аударуға талас етеді. Осындай заңдар санының артуына біріншіден, мемлекеттегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың қарқынды өзгеруі сияқты объективті себеп болса, екіншіден, бірқатар заңдардың жедел қабылдануы салдарынан ол мәтіндермен жеткілікті жұмыс жүргізілмеуіне негізделген таза субъективті себептен туындап отыр.

Заңнамалық актілердегі атау сөздердің, терминдердің бірізділігі проблемасы заңнама терминологиясында шешілмей жүрген проблемалардың қатарында: «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңында бағалы қағаз нұсқасында алынғандығына көз жеткіземіз. Ал, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаларын салыстыра отырып, «ценная бумага» тіркесі бағалы қағаз және құнды қағаз деп түрліше алынғандығын анықтадық.

Қолданыстағы заңнаманы зерделей келе, терминдерге қатысты теориялық еңбектерді басшылыққа ала отырып, олардың ішіндегі қолданылу жиілігі жоғары және мағыналық дәлдігі сақталатын нұсқасы қолданысқа енгізілгені дұрыс болар еді.

Сол сияқты, әртүрлі ұғымдарды белгілеу үшін бір термин немесе сөз тіркесін түрліше пайдаланушылық мысалы ретінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіндегі бітімгерлік рәсімдер – татуластыру рәсімдері (примирительные процедуры), татуластыру комиссиясы – примирительная комиссия тіркестерін келтіруге болады. Бұл тәрізді мысалдар терминдерді бірізді қолдану талабы сақталмағандығын көрсетеді.

Осындай олқылықтардың көптеп кездесуі қолданыстағы заңнамада терминдердің бірізді қолданылуына қатысты түбегейлі зерттеулерді қажет ететіндігін көрсетеді.

Кәсіптік одақтар туралы 2014 жылғы 27 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 1-тармағында 1. Кәсіп-одақтардың: кәсіподаққа меншік құқығында тиесілі мүлікті иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқығы бар. (Профсоюзы имеют право: владеть, пользоваться и распоряжаться имуществом, принадлежащим профсоюзу на праве собственности). Көріп отырғанымыздай, иелік ету – билік ету сөздерінің мағыналық жігі дұрыс ажыратылмауы себепті дұрыс қолданылмағандығына көз жеткізуге болады.

Ұлттық заңнама терминдерін бірізге түсіру үшін халықаралық теорияның қазіргі қағидаттарына сай терминдерді стандарттау және өзара үйлестіру жұмыстарын жандандыру қажет. Ол үшін мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында термин мәселесімен

арнайы түрде айналысатын, білікті ғалымдар мен арнайы сала мамандарының бірлесіп, жүйелі түрдегі нәтижелі жұмысы жолға қойылғаны жөн.

Қай салада болсын терминология мәселесі қашан да өзекті. Қоғам өмірінде заңдар қаншалықты маңызды болса, заң шығармашылығы, әсіресе, құқық шығармашылығы саласында аталған мәселе де соншалықты маңызға ие. Заң шығарушының еркінің дәлдігі әрі заңның нәтижелілігі заңдарда терминдердің нақты қолданылуына тікелей байланысты екендігі даусыз.

Қолданыстағы заңнама терминологиясындағы бірізділік, яғни азаматтық терминдер жүйесінде бірізділіктің болуы болашақта оларды әрі қарай үйлестіру және стандарттау ісіне негіз болары сөзсіз.

Егер азаматтық заңнама терминдері бір ізді жүйені құрайтын болса, ол терминдер арқылы берілетін ақпаратты қабылдау, жинақтау, сақтау және беру де айқындала түсері анық.

Заңнамалық акт жобаларының мемлекеттік тілдегі нұсқасы да түрлі мамандар талқысынан өтіп, жан-жақты сараптауға түссе ғана, салалық терминдер қалыптасар еді, ол ұлттық терминологиялық жүйеге негіз болар еді.

Қорытындылай келе, заң шығармашылық қызметті жетілдіру қазіргі кезеңде мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болғандықтан, ол жоғары сапалы әдіснамалық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуді қажет етеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б. – 9 б.
3. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі, Астана, 2015.



*Мақалада заңнама терминдерінің бірізді қолданылу мәселелері қарастырылған.*

**Түйін сөздер:** ұлттық заңнама тілі, заңнама терминдерінің бірізділігі.

*В статье рассматриваются проблемы унификации юридических терминов.*

**Ключевые слова:** язык законодательства, унификация юридических терминов.

*The article deals with the problem of the unification of legal terminology.*

**Keywords:** language legislation, unification of legal terms.

**Гүлжан Кәрімқызы Ақылбекова,**

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

**Лингвистикалық сараптама: қолданыстағы заңнама терминологиясы материалында**

**Ақылбекова Гульжан Каримовна,**

ведущий научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК, к.ф.н.

**Лингвистическая экспертиза: на материале терминологии действующего законодательства**

**Akyzbekova Gulzhan Karimovna,**

leading research fellow of the Linguistic Center of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan, c.f.s.

**Linguistic expertise: in the terminology of the legislation in force**

